

**Шет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 қарашадағы XXVI сессиясының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" № 26/223 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2020 жылғы 27 наурыздағы № 37/341 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 сәуірде № 5778 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 6/63 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Шет аудандық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Шет аудандық мәслихатының 2014 жылғы 25 қарашадағы XXVI сессиясының "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы" № 26/223 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2892 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 қаңтардағы № 01(10517) "Шет Шұғыласы" газетінде, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылдың 8 қаңтарында жарияланған), келесі өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында:

1) 10 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"10. Азаматтарды өмірлік қиын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіз болып табылатындар:

1) азаматқа (отбасына) немесе оның мүлкіне табиғи зілзала немесе өрттің салдарынан зиян келтірілсе;

2) амбулаториялық емделу кезінде, әлеуметтік мәні бар "туберкулез" ауруы, адамның иммунитет тапшылығы вирусын тасымалдаушы және адамның

иммунитет тапшылығы вирусынан пайда болған әлеуметтік мәні бар ауруы болса ;

3) өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек азаматтың (отбасының) айлық орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1 еселік мөлшерден аспайтын жағдайда ұсынылады.";

2) 15 тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

3) 17-1 тармақ алынып тасталсын;

4) келесі мазмұндағы 24-1 тармақпен толықтырылсын:

"24-1. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы айлық орташа табысы белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады .";

5) 26-1, 26-2, 26-3, 26,4 тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Р. Шакиржанова*

*Б. Тулеукулов*